

Лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының кеден органдарына қызмет өткеруі туралы ережені және Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының антының мәтінін бекіту туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 қыркүйек N 1119. Қаулы мен Ереженің мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің 1997.04.02. N 459 қаулысымен. ~P970459 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1238 қаулысымен. ~P001238

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368_ Заң күші бар Жарлығының 397-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының кеден органдарына қызмет өткеруі туралы Ереже және Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының антының мәтіні бекітілсін (қоса беріліп о т ы р) .
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шыққан шешімдерін осы қаулыға сәйкестендіру туралы ұсыныстар енгізісін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті өз актілерін осы қаулыға сәйкестендіретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 16 қыркүйектегі
N 1119 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы кеден органдарына
лауазымды адамдардың қызмет өткеруі туралы

Ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Конституциясына, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы кеден органдары лауазымды адамдарының қызмет өткеруінің тәртібі мен шарттарын анықтайды.

I. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Кеден органдарының басшы құрамының лауазымдарындағы және осы органдардың кадрларындағы қызметтік міндеттерін атқару кезінде өкімет өкілдері болып табылатын, заңдармен және осы Ережемен белгіленген тәртіппен кеден органдары басшы құрамының дербес атақтары берілген Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдары болып табылады.

2. Кеден органдарының, оның ішінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті орталық аппаратының лауазымды адамдарының жалпы санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Кеден органдарының техникалық қызмет көрсетушілері кеден органдарының лауазымды адамдарына жатпайды. Мұндай адамдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Кеден органдары қызметкерлерінің және оларға бағынысты ұйымдардың санын бекітілген еңбек ақы қорының және өзге қаражат шегінде Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы белгілейді.

5. Кеден органдарындағы қызмет шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатысына, сеніміне қарамастан немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарай заң алдында өзін қорғау құқығын қамтамасыз етудің, теңдіктің заң принциптеріне сәйкес құрылады.

6. Кеден органдарындағы қызмет дара басшылық негізінде құрылады.

7. Кеден органдарының лауазымды адамдарының құқықтық ережесі Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

8. Кеден органдарындағы қызметтің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы, осы Ереже мен Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері

қ ұ р а й д ы .

9. Кеден органдарындағы қызметкерлер қызметінің құқықтық негізін еңбек туралы заңдар құрайды .

10. Кеден органдарының лауазымды адамдары:

1) заңдарға, Аяққа, осы Ереже мен контрактілерге сәйкес атқаратын лауазымы бойынша өз құзыреті шегінде міндеттерін орындайды және құқықтарды пайдаланады ;

2) мемлекеттің қорғауында болады, Заңмен бұған тікелей өкілеттігі бар органдар мен лауазымды адамдардан басқа ешкімнің олардың қызметіне араласуға құқығы жоқ. Заңға қайшы келетін бұйрық немесе нұсқауды алған кезде кеден органдарының лауазымды адамдары заңды атқару үшін шаралар қолдануға міндетті :

3) өзінің қызметінде заң талаптарын, оның ішінде заңға қайшы келетін бұйрық немесе нұсқауды алған кезде де заң талаптарын басшылыққа алады;

4) тиісті даярлықтан және медициналық тексеруден өткен соң "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес қару мен арнайы құралдарды алып жүру, сақтау мен қолдану, сондай-ақ мәжбүр ету шараларын қолдану құқығына ие болады.

11. Кеден органдарын білікті мамандармен толықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті кеден органдары лауазымды адамдарының кәсіби даярлығын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің оқу орындарында және өзге де оқу орындарында, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде мамандарды арнайы бастапқы оқыту, даярлауды, тиісті оқу орындарының оқушылары, тыңдаушылары мен студенттері үшін заңдармен белгіленген жеңілдіктерді бере отырып, жүзеге асырады .

12. Кеден органдарындағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің оқу орындарындағы ішкі тәртіпті заңдарға сәйкес және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы белгілейтін тәртіппен осы органдардың қызмет ерекшеліктері ескеріле отырып, олардың бастықтары белгілейді .

13. Кеден органдарының лауазымды адамдарына заңдармен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығы қолданылады. Қажет болған жағдайда кеден органдарының лауазымды адамдары қызметті Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген кепілдіктер мен өтемақылар беріле отырып, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығынан тыс, сондай-ақ түнгі уақытта, демалыс және мейрам күндері қызмет атқаруға міндетті.

14. Кеден органдарының лауазымды адамдары өздеріне жүктелген қызметтегі жұмыстарын атқару кездерінде Қазақстан Республикасының тек заңдық, өзге де

нормативтік құқықтық актілерін және бекітілген халықаралық шарттарын басшылыққа алады, тікелей және өзінің бастықтарына бағынады.

15. Кеден органдары лауазымды адамдарының заңды өкімдерін немесе талаптарын мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтар атқаруға міндетті.

16. Кеден органдары лауазымды адамдарының заңды өкімдерін немесе талаптарын атқармау, сондай-ақ осы лауазымды адамдарға өздеріне жүктелгені орындауға кедергі жасайтын басқа іс-қимылдар заңмен көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

17. Кеден органдарының немесе оның лауазымды адамдарының қабылдайтын шешімдеріне не болмаса осы лауазымды адамдардың жүзеге асыратын іс-қимылына ықпал ету мақсатында өзге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың қандай да болмасын нысанда заңсыз ықпал жасауына немесе араласуына жол берілмейді.

18. Кеден органдарының лауазымды адамдарын қорлау, қорқыту, қарсылық, күш көрсету немесе олардың өміріне, денсаулығы мен мүлкіне қол сұғу заңдарға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

19. Кеден органдарының лауазымды адамдары өздеріне жүктелген міндеттерді тиісінше атқармағаны, қолданылып жүрген заң талаптарын сақтамағаны үшін қылмыстық, әкімшілік және заңмен көзделген өзге де жауапкершілікке, сондай-ақ осы Ережемен көзделген тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

20. Кеден органдары лауазымды адамдарының заңға қайшы іс-қимылдары немесе әрекетсіздігі салдарынан жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиян заңда көзделген тәртіппен өтеуге жатады.

II. Кеден органдарына қызметке кіру және оны өткеру

21. Кеден органдарына қызметке Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, шекара немесе ішкі әскерлерінің (бұдан әрі - Қарулы Күштерінің) қатарында тәртіп бойынша қызмет өтеген және өздерінің іскерлік және моральдық қасиеттері, білім деңгейі мен денсаулық жағдайы жөнінде кеден органдарына жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің оқу орындарына оқуға жасы он сегізге толмаған және орта білімі бар адамдар қабылдана алады.

22. Кеден органдарының қызметіне қабылдау азаматтардың міндетті арнайы тексеруден, сондай-ақ қызметке жарамдылығын анықтау жөніндегі аумақтық ішкі істер әскери-дәрігерлік комиссияларда медициналық айғақтаудан өткен

жағдайда жүзеге асырылады.

23. Кіші басшы құрамының лауазымдарына жасы 28-ден аспайтын, аға басшы құрамының лауазымдарына жасы 32-ден аспайтын азаматтар қабылданады. Кей жағдайларда аталған жас шегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті төрағасының шешімімен өзгертіледі.

24. Кеден органдарының лауазымдарына:

- 1) кіші басшы құрамның лауазымдарына кемінде орта білімі бар азаматтар;
- 2) аға басшы құрамның лауазымдарына тиісті орта арнаулы немесе жоғары білімі бар азаматтар қабылданады.

25. Жедел-іздігі және анықтама жүргізу бөлімшелері аға басшы құрамның лауазымдарына аталған тұлғалар жұмыс тәжірибесі мен іскерлік қасиеттері бойынша жүктелген міндеттерді орындауды қамтамасыз етуге қабілетті, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында оқып жүрген болса, даярлық мәнінің сай келетін мамандықтары бойынша орта арнаулы білімі бар азаматтар қабылдана алады.

26. Кеден органдарынан бұрын босатылған және қызметке жаңадан қабылданатын азаматтар үшін жасын шектеулер осы Ереженің 31,32,33 және 209,210,211,212,213,214-тармақтарының талаптарына сүйене отырып айқындалады.

27. Кеден органдарында лауазымдардың міндетін атқару лауазымға тағайындау, контракт жасасу жолымен, сондай-ақ конкурс бойынша заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

28. Кеден органдарына қызметке кіру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті төрағасының берген өкілеттігі шегінде тиісті кеден органы бастығының бұйрығымен ресімделінеді. Лауазымға тағайындалған адамға бұйрық оның қолы қойылып хабарланады.

29. Кеден органдарының лауазымды адамдарына белгіленген тәртіппен тиісті үлгідегі қызметтік куәліктер беріледі.

30. Кеден органдарында қызмет өткерудің мерзімі заңдарға сәйкес жалпы және үздіксіз еңбек стажына, сондай-ақ мамандық бойынша жұмыс стажына есептеледі.

31. Кеден органдарына қызметке:

1) жасы немесе денсаулығына байланысты, оның ішінде Қарулы Күштердің қатарынан, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, прокуратура органдарынан, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінен, салық полициясынан зейнеткерлікке шыққандардың;

2) бұрын сотталғандар мен ақталмаған негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылғандардың, сондай-ақ теріс себептері бойынша мемлекеттік қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және заң

органдарынан жұмыстан шығарылғандардың;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен заңдарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар осы қызметке қабылдана алмайды.

32. Кеден органдарының лауазымды адамдарына:

1) өзара жақын немесе қайын жағынан туыстық қатынастағыларға (ата-аналар, ерлі-зайыптылар, бауырлар, апа-сіңлілері, ұл-қыздар, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың бауырлары, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары), егер олардың қызметі бір-біріне тікелей бағыныштылығымен немесе бақыланатындығымен байланысты болса, бір кеден органында қызмет өткеруге р ұ қ с а т е т і л м е й д і ;

2) ереуілдер ұйымдастыруға және оларды өткізуге қатысуға тыйым салынады.

33. Кеден органдарының лауазымды адамдары:

1) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оның ішінде делдалдар арқылы, үшінші жақтардың кеден мәселелері жөніндегі сенімді өкілі болуға, оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, кез келген төленетін жұмыс орындауға, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кеден ісіне байланысты жұмыстар орындауға, өз қызмет бабын пайдалана отырып адамдарға заңдармен көзделмеген кез келген көмек көрсетуге және бұл үшін сыйақы, көмектер мен жеңілдіктер алуға, өз бетімен немесе өкіл арқылы шаруашылық жүргізуші субъектілерін басқару ісіне қатысуға құқығы жоқ.

2) өзінің қызметтік жұмысында саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің шешімдерімен байланысты болмайды.

34. Кеден органдарындағы қызмет туралы контракт жасасу шарттары мен тәртібін, сондай-ақ контракт жасаудың жағдайларын Үкімет бекітетін үлгілі контрактіге сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің т ө р а ғ а с ы а й қ ы н д а й д ы .

35. Контрактіде оның қолданылу мерзімдері, тараптардың міндеттері мен құқықтары, тараптардың өздеріне алған міндеттерін орындамауына байланысты заңдық салдарлары, оны ұзарту шарттары немесе қайта жасасу мен контрактінің өзге де ш а р т т а р ы қ а р а л а д ы .

36. Кеден органдарына қызметке алғаш кіретін және тиісті даярлығы жоқ адамдар үшін тағайындалатындардың білім мен лауазым деңгейіне қарай ұзақтығы үш айдан бір жылға дейін сынақ мерзімі белгіленеді. Мұндай жағдайда үміткер оған дербес атақ берілмей-ақ тиісті лауазымға тағайындалады.

37. Сынақ мерзімі мен қызмет өткерудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің төрағасы белгілейді.

38. Сынақ мерзімін өткеру кезінде жұмысқа жаңадан қабылданған адам

атқаратын қызметіне және осы Ережемен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен белгіленген қызмет өткерудің шарттарына сәйкес кеден органы лауазымды адамының міндеттерін орындайды және құқықтарын пайдаланады.

39. Сынақ мерзімі уақытысында үміткерге еңбек туралы заңның, сондай-ақ осы Ереженің 201-тармағының күші қолданылады.

40. Сынақ мерзімі сол адамның кеден органдарындағы қызметі кезіндегі еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстеме төлеуге және кеден органдарының саласы бойынша зейнетақы тағайындауға құқық беретін стажына қосып есептеледі. Бұл ретте еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстеменің мөлшері заңдарға сәйкес белгіленеді.

41. С ы н а қ м е р з і м і :

1) жоғары басшы құрамның лауазымдарына тағайындалатын тұлғаларға;
2) кеден органдарындағы қызметке кіретін жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітіргендерге лауазымға конкурс бойынша тағайындайтын кезде белгіленбейді.

42. Кеден органдарында конкурс негізінде атқарылатын лауазымдардың тізбесі, кеден органдарындағы қызметке конкурс бойынша кіретін тұлғаларды лауазымдарға тағайындаудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті белгілеген тәртіппен айқындалады.

43. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кеден комитетінің төрағасын және оның орынбасарларын Республика Үкіметі тағайындайды.

44. Кеден органдарының бастықтары және кеден органдарының өзге де лауазымды адамдары лауазымдарға заңдарға және осы Ережеге сәйкес тағайындалады.

45. Республика Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті төрағасының шешімімен кеден органдары жоғары және аға басшы құрамының лауазымдарына құқық қорғау, заң, өзге де мемлекеттік органдарының лауазымы бұрын кеден органдарының кадрларында болмаған, жоғары оқу орындарының жасына қарамастан, бірақ жасы 50-ден аспаған ғылыми қызметкерлері мен оқытушылары қатарынан тағайындалуы мүмкін. Бұл ретте осы адамдардың қызметінің стажы заңдарға сәйкес аталған органдардағы мұның алдындағы жұмыс стажы ескеріле отырып, еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстеме төлеу және кеден органдарының саласы бойынша зейнетақы тағайындау үшін есептеледі. Аталған адамдарға тиісті дербес атақтар осы Ережемен көзделген тәртіппен беріледі.

46. Кеден органдарындағы қызметке алғаш кіретін адамдар мәтінін Үкімет бекітетін Антты қабылдайды. Антты қабылдау тәртібін Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы белгілейді.

47. Кеден органдарының лауазымды адамын қызмет бойынша ауыстыру:

1) штаттардың немесе адам санының қысқаруына немесе органдар мен қосымша бөлімшелердің қайта ұйымдастырылуына байланысты төменгі тұрған лауазымға - штаттардың қысқаруына дейінгі лауазымы бойынша жалақысына тең (немесе көп) жалақымен лауазымға тағайындалғанға дейінгі мерзімге бұрынғы лауазымы бойынша жалақысы сақтала отырып, лауазымды адамның келісімімен тең дәрежедегі лауазымға ауыстыру мүмкін болмайтын жағдайда;

2) тең дәрежедегі лауазымға - басқа лауазымның міндетін уақытша атқару қажет болған жағдайда не болмаса кеден органы лауазымды адамын оның іскерлік, жеке басының сапарлары мен жаңа мамандыққа даярлығы, сондай-ақ отбасы жағдаяттары, денсаулық жағдайы немесе жасы ескеріліп, оны барынша мақсатқа сай пайдалану үшін;

3) жоғары тұрған лауазымға қызмет бойынша жоғарылату тәртібімен. Бұл ретте лауазымды адамдарды қызмет бойынша жоғарылату әдеттегідей олардың іскерлік және адамгершілік сапарлары, білім деңгейі мен денсаулық жағдайы ескеріліп, жоғарылатуға резервте тұрған адамдар қатарынан жүргізіледі;

4) денсаулық жағдайына байланысты әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес, лауазымды адамның келісімімен, қызмет мүддесіне орай Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті төрағасының шешімімен жекелеген жоғары білікті мамандарды ауыстыру кезінде - одан кейінгі, бірақ 2 жылдан аспайтын кезеңдегі өзгерістер ескеріліп, соңғы қызмет орны бойынша жалақысы сақтала отырып;

5) өзінің жеке өтінішімен;

6) қызметке сәйкессіздігінен;

7) тәртіптік жазалау жолымен;

8) оқуға түсуіне байланысты атқаратын штаттық лауазымнан босатыла отырып, сондай-ақ оқуды бітірген соң лауазымға тағайындалған кезде;

9) өзге мемлекеттік органдарға іссапарға жіберу тәртібімен жүргізіледі.

48. Кеден органының лауазымды адамын өзге лауазымға ауыстыру кезінде оған оның тәжірибесіне қарай негізгі немесе ұқсас мамандығы бойынша жұмыспен қамтамасыз етіледі, ал лауазымды адамды ол үшін жаңа мамандық бойынша лауазымда пайдалану қажет болған жағдайда, онда ауыстырудың алдында тиісті курстарда (жиындарда) алдын-ал қайта даярлау жүргізілуге тиіс.

49. Кеден органының лауазымды адамын қызмет бойынша ауыстыру барлық жағдайларда ауыстыру негіздемесі көрсетіліп, тиісті кеден органы бастығының бұйрығымен ресімделінеді. Бұйрық лауазымды адамға оның қолы қойылып х а б а р л а н а д ы .

50. Штаттардың қысқаруы немесе денсаулық жағдайына орай лауазымдық жалақысы кемітіліп; төменгі тұрған лауазымға ауыстырылған жағдайда кеден органының 10 және одан көп жыл (күнтізбелік есеппен) еңбек сіңірген

лауазымды адамының одан арғы өзгерістер ескеріліп, соңғы қызмет орны бойынша жалақысы сақталады.

51. Кеден органының төменгі тұрған лауазымға ауыстырылған лауазымды адамы қызметтік біліктілігі, жұмыс тәжірибесі, іскерлік және жеке басының сапалары, денсаулық жағдайы ескеріліп, кейіннен жоғары тұрған лауазымға ауыстырылуы мүмкін.

52. Кеден органының лауазымды адамы лауазым бойынша міндетті атқаруға тағайындалуы мүмкін. Бұл ретте орны бос лауазым бойынша міндетті атқарудың үздіксіз мерзімі екі айдан, ал орны бос емес лауазым бойынша төрт айдан аспауы тиіс. Орны бос лауазымның міндетін шұғыл атқару керек болған жағдайда осы лауазымға тағайындау құқығы бар бастықтың келісімімен тікелей бастыққа (кеден күзеті бастығына, оған тең және жоғары бастыққа) басшы құрамның адамын осы лауазымға уақытша, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге тағайындауға рұқсат етіледі.

53. Кеден органы лауазымды адамның қылмыс жасағаны үшін кінәлі ретінде жауапкершілікке тартылатын, сондай-ақ оның қызметтік міндеттерін орындауына мүмкіндік бермейтін қызметтік тәртіпті өрескел бұзуы жағдайында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы белгілеген тәртіппен лауазымнан уақытша шеттетілуі мүмкін. Уақытша шеттетілген кезеңде лауазымды адамға ақшалай төлемі толық көлемде беріледі.

54. Штаттарды немесе адам санын қысқарту немесе органдар мен бөлімшелерді қайта ұйымдастыру кезінде кеден органының лауазымды адамы бойынша заңсыз немесе Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы белгілейтін тәртіппен ақшалай төлемнің көлемі сақтала отырып, тиісті кеден органының қарамағына кіргізіліп, атқаратын лауазымынан екі айдан аспайтын мерзімге босатылуы мүмкін. Аталған мерзім біткенге дейін осы лауазымды адамды жұмысқа орналастыру туралы мәселесі шешіледі. Кеден органының қарамағындағы аталған адамдарды қызметке пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы айқындайды.

55. Лауазымды адамның тиісті кеден органдарының қарамағында болатын мерзіміне ауруы бойынша қызметтік міндеттерден босатылған, кезекті және қосымша демалыстарда болған уақыты есептелінбейді.

56. Кеден органдарының қызмет бойынша ауыстырылған лауазымды адамдарын осы адамдар кезекті демалыста немесе емделуде жүрген жағдайларды қоспағанда, іс қағаздары мен лауазымын өткізген соң, кеден органынан қызмет бойынша ауыстыру туралы бұйрықты немесе жазбаша хабарлауды алған күннен бастап бір ай мерзімінен кешіктірмей жаңа қызмет жеріне іссапарға жіберуге болады.

57. Кеден органының лауазымды адамын басқа жердегі қызметке, оның

ішінде кеден органының орын ауыстыруына байланысты, егер контрактіде өзгеше көзделмесе, оның келісімі ескеріліп жүргізіледі.

58. Кеден органының лауазымды адамын басқа жердегі қызметке оның өз бастамасы бойынша ауыстыру тиісті кеден органдарының келісімімен жүзеге асырылады.

59. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті төрағасының ұйғарымымен қызмет мүддесі үшін кеден органының лауазымды адамын басқа жерге қызметке ауыстырған кезде ол адамның басқа жердегі қызмет атқарған кезеңде бұрын алған тұрғын алаңы сақталынады.

60. Кеден органының лауазымды адамы мен оның отбасы мүшелерінің жол жүруі және кеден органының лауазымды адамы мен оның отбасы мүшелерінің мүлкін жаңа қызмет жеріне тасымалдау Үкімет белгілеген тәртіппен кеден органдарының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

61. Кеден органдарының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарына, олардың қарамағындағы ұйымдарына, сондай-ақ басқа мемлекеттердің кеден органдарына іссапарға жіберілуі мүмкін.

62. Іссапарға жіберу:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің кадрларында арнайы жұмыстарды немесе міндеттерді орындау үшін қалдыру жолымен;

2) Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты мен Парламент Палаталары аппараттары басшыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін тиісті орталық атқарушы органдар мен мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша Үкімет шешімінің негізінде жүргізіледі.

63. Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты мен Парламент Палаталары аппараттарындағы кеден органдарының іссапарға жіберілген лауазымды адамдарының міндеттерін уақытша атқаратын лауазымдардың тізбесін Үкімет, ал Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық атқарушы органдар мен мемлекеттік органдарда, олардың қарамағындағы ұйымдарда тиісті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы белгілейді.

64. Кеден органдарының іссапарға жіберілген лауазымды адамдары мынадай ерекшеліктерді ескере отырып, заңмен белгіленген тәртіпте қызметтен өтуі:

1) іссапарға жіберілген лауазымды адамдарды тағайындау мен ауыстыру кеден органдары басшы құрамының лауазымды адамдарының міндеттерін өзге мемлекеттік органдарда уақытша атқаруға жататын лауазымдар шегінде жүргізіледі;

2) тиісті мемлекеттік органдар басшыларының ұсынуы бойынша іссапарға жіберілген лауазымды адамдарға кеден қызметінің I дәрежелі кеңесшісіне дейінгі дербес атақтар осы Ережеде көзделген тәртіппен беріледі. Аталған лауазымды адамдарға жоғары басшы құрамның дербес атақтарын беруді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы мен тиісті мемлекеттік органдар басшыларының бірлесе ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті б е р е д і ;

3) кеден органдарының іссапарға жіберілген лауазымды адамдарын қызметтен босату - негіздемелер мен осы Ережеде көзделген тәртіппен мемлекеттік органдар басшыларының ұсынуы бойынша жүргізіледі;

4) кеден органдарының іссапарға жіберілген лауазымды адамдарының еңбегіне ақы төлеу заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

65. Кеден органдарының іссапарға жіберілген лауазымды адамдарына заттай мүлік пен азық-түлік үлесінің орнына кеден органдарының қаражаты есебінен ақшалай өтемақы төленуі мүмкін.

66. Кеден органдарының іссапарға жіберілген лауазымды адамдары мен олардың отбасы мүшелерінің кеден органдарының лауазымды адамдары мен олардың отбасы мүшелері үшін заңдармен белгіленген құқықтары, жеңілдіктері мен артықшылықтары сақталады.

67. Кеден органдары лауазымды адамдарының қойылатын талаптарға қызмет жағынан сай келуін анықтау мақсатында аттестация жүргізіледі, оны жүргізу барысында олардың атқаратын лауазымына сай екені туралы қорытынды жасалынады және одан әрі қызмет өткеруі үшін ұсынымдар беріледі.

68. А т т е с т а ц и я л а у :

1) жоғары басшы құрам адамдарына жүргізілмейді;

2) аға басшы құрамның адамдарына төрт жылда бір рет жүргізіледі;

3) кіші басшы құрамның адамдарына үш жылда бір рет жүргізіледі.

69. Аттестация сондай-ақ соңғы аттестациялау бойынша қорытындыны өзгерту үшін негіздемелер бар уақыттағы лауазымға тағайындаған күннен бастап бір жыл өткенде немесе осы мерзімге қарамастан қызмет бойынша ауыстыру немесе босату орын алатын болса, жоғары лауазымдарға тағайындау, төменгі лауазымдарға ауыстыру және кеден органдарынан қызметтен босату кезінде жү р г і з і л е д і .

70. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасының шешімімен кеден органдарының барлық жеке құрамын немесе оның кейбір санаттарын аттестациялау басқа мерзімдерде де жүргізілуі мүмкін.

71. Кеден органдарында қызмет өткеруі туралы белгілі бір мерзімге контракт жасасқан лауазымды адам аттестациядан ол ұзартылған кезде, ал белгісіз мерзімге контракт жасасқан лауазымды адам қызметтің әр үш жылында өтеді.

72. Лауазымды адамдар:

- 1) аттестациялық комиссиялар арқылы аттестацияланады;
- 2) аттестацияны өткізу нәтижесінде көрсетілген кемшіліктерді жоюға м і н д е т т і .

73. Аттестацияланатын адамның атқаратын лауазымына сай келмейтіні туралы қорытынды жасалынуы мүмкін аттестация оның қатысып отыруымен жү р г і з і л е д і .

74. Аттестацияға:

- 1) жас мамандар үш жыл бойы;
- 2) жүкті кезінде және үш жасқа толмаған балаларын күту кезеңіндегі әйелдер арасындағы лауазымды адамдар жатпайды. Бұл адамдар қызметке шыққаннан кейін кемінде бір жылдан кешіктірілмей аттестацияланады.

75. Аттестацияны (оның ішінде кезектен тыс) әзірлеу мен өткізудің, аттестациялық қорытындылар мен ұсынымдарды жүзеге асырудың тәртібі, сондай-ақ аттестация тәртібін бұзуға қатысты шағымды қараудың тәртібі заңдармен белгіленеді.

76. Кеден органдарының лауазымдарына тағайындалған, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің кадрларына есептелінген әскери міндеттілер Мемлекеттік кеден комитетінің оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоса белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылады және арнайы есепте тұрады.

77. Кеден органдарының лауазымды адамдары үшін нысанды киімді киіп жүру белгіленеді. Бұл ретте киім нысанын Үкімет, ал оны киіп жүруді Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы белгілейді.

78. Кеден органдарының лауазымды адамдары бір-бірімен кездескен кезде Саппен жүру жарғысымен белгіленген тәртіппен және ережелер бойынша сәлем б е р е д і .

79. Кеден органдарының басшы құрамының лауазымдарына тағайындалған азаматтарға төмендегідей дербес атақтар:

1) кіші басшы құрамға - кеден қызметінің III дәрежелі инспекторы, кеден қызметінің II дәрежелі инспекторы, кеден қызметінің I дәрежелі инспекторы;

2) аға басшы құрамға - кеден қызметінің III дәрежелі кеңесшісі, кеден қызметінің II дәрежелі кеңесшісі, кеден қызметінің I дәрежелі кеңесшісі;

3) жоғарғы басшы құрамға - кеден қызметінің III дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі, кеден қызметінің II дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі, кеден қызметінің I дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі, кеден қызметінің толық мемлекеттік кеңесшісі а т а қ т а р ы б е р і л е д і .

80. Кеден органдарының басшы құрамының атақтары өмірлік болып табылады. Қызмет доғарылған кезде алынған дербес атаққа "отставкада" деген

81. Кеден органдарының лауазымды адамдарына дербес атақтар олардың біліктілігі, білімі, қызметке қатысты, еңбек сіңірген жылдары және атқаратын штаттық лауазымы, қызметке қатысы, сондай-ақ осы Ережеде көзделген басқа да шарттар ескеріліп, дербес беріледі.

82. Дербес атақтарды берудің жүйелілігіне қарай дербес атақтар алғашқы және кезекті болып бөлінеді.

83. Кіші және аға басшы құрамның алғашқы дербес атақтарын Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің төрағасы береді.

84. Кіші басшы құрамның алғашқы дербес атақтары лауазымды адамдарға осы Ереженің 23-тармағында белгіленген жас жөніндегі талаптар ескеріліп беріледі.

85. Аға және жоғары басшы құрамның лауазымдарына қабылданған адамдарға, егер олар запасқа шыққанда бұдан жоғары әскери немесе арнайы атағы немесе мемлекеттік қызметшінің біліктілік сыныбы болмаса, әдеттегідей, алғашқы дербес атақ берілуі мүмкін.

86. Басшы құрамның кезекті дербес атақтар төмендегідей жүйе тәртібімен:

- 1) аттестацияның оңды нәтижелеріне қарай;
- 2) кезекті атағының атқаратын штаттық лауазымына қатысты көзделген дербес атағына сәйкес келетін болса;
- 3) осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, бұрынғы атағымен еңбек сіңірген жылдарының белгіленген мерзімі өткенде беріледі.

87. Кезекті дербес атақтарының дер кезінде берілуін қамтамасыз ету мақсатында оларды беруге қажетті құжаттар тиісті дербес атақтарды беруге өкілетті лауазымды адамның қарауына, олардың дербес атақ пен еңбек сіңірген жылдарының белгіленген мерзімі өтетін күнге дейін түсуіне есептей отырып, алдын-ала ресімделінеді.

88. Кіші басшы құрамның лауазымды адамдарының міндеттерін

уақытша атқаруға жататын лауазымдарды және осы лауазымдарға сай келетін дербес атақтарды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы айқындайды.

89. Жоғары басшы құрамның лауазымды адамдарының міндеттерін уақытша атқаруға жататын лауазымдардың тізбесі заңдарға сәйкес белгіленеді.

90. Осы Ережеде көзделмеген кезекті дербес атақтарды берудің шарттарын белгілеуге тыйым салынады.

91. Шектік дербес атақтар атқарылатын лауазымға сәйкес беріледі:

- 1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінде:

мемлекеттік толық кеңесші - Мемлекеттік кеден комитетінің
төрағасы

кеден қызметінің I дәрежелі - Мемлекеттік кеден комитеті
мемлекеттік кеңесшісі төрағасының бірінші орынбасары

кеден қызметінің II дәрежелі - Мемлекеттік кеден комитеті
мемлекеттік кеңесшісі төрағасының орынбасары

кеден қызметінің III дәрежелі - Мемлекеттік кеден комитеті
мемлекеттік кеңесшісі басқармасының бастығы,
Мемлекеттік кеден комитеті
Орталық кеден зертханасының
бастығы

кеден қызметінің I дәрежелі - Мемлекеттік кеден комитеті
кеңесшісі басқарма бастығының
орынбасары, бөлім
бастығы, төрағаның кеңесшісі

кеден қызметінің II дәрежелі - Мемлекеттік кеден комитеті
кеңесшісі бөлім бастығының орынбасары,
төрағасының көмекшісі

кеден қызметінің III дәрежелі - Мемлекеттік кеден комитетінің,
кеңесшісі бас жетекші инспекторы

кеден қызметінің I дәрежелі - Мемлекеттік кеден комитетінің
инспекторы аға инспекторы

кеден қызметінің II дәрежелі - Мемлекеттік кеден комитетінің
инспекторы инспекторы

Орталық кеден зертханасының лауазымды адамдарына шектік дербес атақтар Мемлекеттік кеден комитеті басқармасының лауазымды адамдарындай атқарылатын лауазымдарына сәйкес беріледі.

2) кеден басқармалары мен кедендерде:

кеден қызметінің III дәрежелі - кеден басқармасының бастығы

мемлекеттік кеңесшісі

кеден қызметінің I дәрежелі кеңесшісі - кеден бастығы, кеден зертханасының бастығы

кеден қызметінің II дәрежелі кеңесшісі - кеден басқармасы бастығының орынбасары, бөлім бастығы, кеден күзетінің бастығы

кеден қызметінің III дәрежелі кеңесшісі - бөлім бастығының орынбасары, кеден күзеті бастығының орынбасары

кеден қызметінің I дәрежелі инспекторы - бас инспектор инспекторы

кеден қызметінің II дәрежелі инспекторы - аға инспектор инспекторы

кеден қызметінің III дәрежелі инспекторы - инспектор инспекторы

Зертханалардың лауазымды адамдарына шектік дербес атақтар кеден басқармасы мен кеденнің лауазымды адамдарындай атқарылатын лауазымдарына сәйкес беріледі.

92. Дербес атақтармен еңбек сіңірген жылдарының мерзімдері төмендегіше белгіленеді. Атақпен:

- 1) кеден қызметінің III дәрежелі инспекторы - 2 жыл;
- 2) кеден қызметінің II дәрежелі инспекторы - 2 жыл;
- 3) кеден қызметінің I дәрежелі инспекторы - 3 жыл;
- 4) кеден қызметінің III дәрежелі кеңесшісі - 3 жыл;
- 5) кеден қызметінің II дәрежелі кеңесшісі - 3 жыл;
- 6) кеден қызметінің I дәрежелі кеңесшісі - 3 жыл;

93. Кеден қызметінің I, II, III дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі дербес атақтарымен еңбек сіңірген жылдарының мерзімдері белгіленбейді.

94. Кеден органдарының кеден қызметінің III дәрежелі инспекторы алғашқы дербес атағы оқу мерзімі төрт жыл не одан көп жоғары оқу орнын бітіргенде берілген және оқу орнында алған немесе ұқсас мамандығы бойынша кеден

органдарында қызмет өткеріп жүрген лауазымды адамдар үшін кеден қызметінің ІІІ дәрежелі инспекторы атағымен еңбек сіңірген жылдарының мерзімі бір жылға белгіленеді.

95. Дербес атақпен еңбек сіңірген жылдарының мерзімі осы атақты беру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап есептеледі. Басшы құрам адамының төмендетілген дербес атақпен жүрген уақыты есептелінбейді.

96. Дербес атақты беруді заңсыз кешеуілдеткен жағдайда дербес атақпен еңбек сіңірген жылдарының мерзімі бұрынғы атақпен еңбек сіңірген жылдарының мерзімі өткен күннен бастап есептеледі.

97. Жедел-қызметтік жұмыстағы қол жеткен жоғары нәтижелері үшін кезекті дербес атақтар мерзімінен бұрын немесе атқарылатын штаттық лауазыммен көзделген дербес атақтан бір атақ жоғары берілуі мүмкін.

98. Дербес атақтар дербес атақ пен еңбек сіңірген жылдарының белгіленген мерзімінің кемінде жартысы өткенде және берілетін дербес атақтың атқарылатын штаттық лауазыммен көзделген атаққа сай келетін жағдайда мерзімінен бұрын беріледі.

99. Атқарылатын штаттық лауазыммен көзделген дербес атақтан бір саты жоғары кезекті дербес атағы:

- 1) дербес атақпен еңбек сіңірген жылдарының белгіленген мерзім өткенде - басшы құрамның мамандығы бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдарға;
- 2) дербес атақпен еңбек сіңірген жылдарының кемінде бір жарым мерзімі өткен кезде - басшы құрамның басқа адамдарына берілуі мүмкін.

100. Кезекті дербес атақтарды мерзімінен бұрын немесе штаттық лауазыммен көзделген дербес атақтан бір саты жоғары атақ беруді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы жүргізеді.

101. Кеден қызметінің І дәрежелі инспекторы дербес атағы бар, қызметтен жасына, денсаулық жағдайына немесе штаттың қысқаруына байланысты босатылатын, 20 не одан көп еңбек сіңірген жылдары бар (оның ішінде жеңілдікте есептелетін) лауазымды адамдарға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы белгілейтін тәртіппен кеден қызметінің ІІІ дәрежелі кеңесшісі кезекті дербес атағы берілуі мүмкін.

102. Еңбек сіңірген жылдарын қайта есептеу мен еңбек сіңірген жылдары үшін төлеудің тәртібін заңдарға сәйкес еңбек стажын белгілеу жөніндегі Комиссия белгілейді.

103. Кеден қызметінің ІІІ дәрежелі инспекторы бірінші дербес атағы:

- 1) кеден органдарының курстарын немесе оқу орындарын оқытудың қысқартылған бағдарламалары бойынша бітірген және кіші басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған адамдарға;

- 2) басқа мемлекеттік органдардың орта арнаулы оқу орындарын бітірген және

кіші басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған адамдарға;

3) жоғары және орта арнаулы оқу орындарының жоғары курстарында оқып жүрген және кіші басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған адамдарға;

4) басқа мемлекеттік органдардың қарамағындағы жоғары оқу орындарының жанындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің арнайы факультеттерінің соңғы курстарының студенттеріне беріледі.

104. Кезекті дербес атақтарды:

1) кеден қызметінің II, I дәрежелі инспекторларына - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы осындай құқық берген облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бойынша, Республика астанасының кеден басқармаларының бастықтары мен өзге де кеден органдарының бастықтарына;

2) кеден қызметінің III, II, I дәрежелі кеңесшілеріне - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы береді.

105. Жоғары басшы құрамның дербес атақтарын Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

106. Мемлекеттік кеден Комитеті оқу орындарының тыңдаушыларына, адъюнкттары мен докторанттарына кезекті дербес атақтар оқуға түскеннен кейінгі енгізілген осы лауазымдар бойынша штаттардағы дербес атақтардың өзгертілгенін ескерместен, олардың оқуға түскенге дейінгі атқарған штаттық лауазымдарына сәйкес беріледі;

оқу орнын, адъюнктура мен докторантураны аяқтаған соң - оқу бітіргеннен кейін адамдар тағайындалатын штаттық лауазымдар бойынша атақтардың кезекті дербес атақтарға сай келетін жағдайында беріледі.

107. Кеден органдарына басшы құрамның лауазымдарына қызметке кірген кезде Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне, оның ішінде запаста тұрған әскери қызметшілерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілерге дербес атақтар олардың бұрын алған мемлекеттік қызметшілердің тиісті әскери және арнайы атақтарынан және біліктілік сыныптарынан төмен емес дербес атақтар беріледі.

108. Запастағы офицерлерді аға және жоғарғы басшы құрамның лауазымдарына тағайындау кезінде оларға алғашқы дербес атақ лауазымға тағайындаған күнге дейін толық әскери қызметті және құқық қорғау органдарында қызмет өткеру кезінде және запаста болу уақытысында өздеріне берілген әскери және арнайы атақтармен белгіленген мерзімдерде еңбек сіңірген болса, олардың бұрынғы әскери және арнайы атақтарынан бір саты жоғары атақтар берілуі мүмкін.

109. Басшы құрамның кезекті дербес атағы қызметте жоғары нәтижелерге жеткені және қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны үшін көтермелеу

мақсатында бұрынғы атақпен еңбек сіңірген жылдарының белгіленген мерзімі өткенге дейін немесе штаттық лауазыммен көзделген дербес атақтан бір саты жоғары атақ берілуі мүмкін.

110. Бұл ретте кіші басшы құрамның дербес атақтарын осы Ереженің 83 және 101-тармағында санамаланған бастықтар, ал аға басшы құрамның дербес атақтарын Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы береді.

111. Дербес атақ мерзімінен бұрын атқарылатын штаттық лауазыммен көзделген атақтың шегінде беріледі, ал кеден органдарының ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар лауазым бойынша адамдарына лауазым бойынша (жоғары басшы құрамның дербес атақтарынан басқа) көзделген атақтан бір саты жоғары атақ берілуі мүмкін.

112. Дербес атақтар мерзімінен бұрын дербес атақпен еңбек сіңірген жылдарының белгіленген мерзімінің кемінде жартысы өткенде және берілетін дербес атақтың штаттық лауазыммен көзделген атаққа сай келетін кезде беріледі.

113. Атқарылатын штаттық лауазыммен көзделген дербес атақтан бір саты жоғары кезекті дербес атағы бұрынғы дербес атақпен еңбек сіңірген жылдарының белгіленген бір жарым мерзімі өткен кезде беріледі. Бұл ретте дербес атақтарды мерзімінен бұрын және бір саты жоғары атақ беру, әдеттегідей, кеден органдарындағы қызметтің барлық кезеңінде екі реттен асырылмай жүргізіледі.

114. Кеден органдарының кіші басшы құрамының атақтары бар, аға басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған лауазымды адамдар Кеден комитеті төрағасының шешімі бойынша бұрынғы атағымен еңбек сіңірген жылдарының мерзіміне қарамастан аға басшы құрамның алғашқы дербес атағын беруге ұсынылуы мүмкін.

115. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті мен кеден басқармаларының қарамағындағы немесе тәртіптік жазалары (ауызша жарияланғаннан басқа) бар, сондай-ақ қызметтік тәртіпті бұзу фактілері бойынша қылмыстық іс қозғалған немесе қызметтік тексеру жүргізіліп жатқан лауазымды адамдарды кезекті дербес атақтарын беруге ұсыну - лауазымға тағайындағанға, тәртіптік жазаны алғанға, ақтайтын негіздемелермен қызметтік істі доғарғанға немесе қызметтік тексеру аяқталғанға дейін жүргізілмейді.

116. Тәртіптік жазаны заңсыз қолдану туралы шешім шығарылған немесе ақтайтын негіздемелермен қызметтік іс доғарылған жағдайда кезекті дербес атақ кезекті дербес атақтың атқарылатын штаттық лауазымға сай келетін кезінде оны беретін мерзімі жеткен күннен бастап беріледі.

117. Лауазымдық міндеттерді тиісті түрде орындамағаны үшін кезекті дербес атақты беруге ұсыну үш ай мерзімге кешеуілдетілуі мүмкін, ол жөнінде тікелей

бастықтар тиісті дербес атақтарды беруге өкілетті кеден органдарының басшыларын хабардар етеді.

118. Кеден органының бағынатын лауазымды адамды кезекті дербес атағын беруге ұсынуды кешеуілдеткен бастығы тәртіптік жауапкершілікте болып, материалдық зиянды өтейді.

119. Кеден органдарының кіші басшы құрамының атақтары бар лауазымды адамдарының дербес атағын бір саты төмендету - аталған атақтарды беруге құқық берілген тікелей бастықтардың шешімімен тәртіптік жаза шарасы ретінде жүргізіледі.

120. Кеден органдарының аға басшы құрамының атақтары бар лауазымды адамдарының дербес атағын бір саты төмендетуді тек қана Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы жүргізеді.

121. Кеден органдарының дербес атақтары төмендетілген лауазымды адамдарының атағын төмендету туралы шешім қабылдаған бастықтардың, оларға тең және жоғары бастықтардың бұйрықтарымен атқарылатын штаттық лауазымға қарамастан, бірақ атағы төмендетілген күннен бастап, бірақ бір жылдан ерте емес және аттестация оңды болған жағдайда, бұрынғы атақтары қалпына келтіріледі.

122. Кеден органы лауазымды адамының бұрынғы атағын қалпына келтіргенге және оған кезекті атақ бергенге дейін дербес атағын екінші рет төмендетуге жол берілмейді.

123. Кеден органдарының лауазымды адамдары, сондай-ақ "отставкада" деген сөздері қосылған дербес атағы бар адамдар заң актілеріне сәйкес осы атақтардан айырылуы мүмкін.

124. Дербес атақ заңсыз төмендетілген жағдайда тергеу нәтижелері бойынша не соттардың қаулыларына сәйкес бұрынғы атақты қалпына келтіру туралы шешімді дербес атақтарды төмендету туралы шешім қабылдаған лауазымды адамдар қабылдайды.

125. Дербес атағы заңсыз төмендетілген уақыт қалпына келтірілген атақпен еңбек сіңірген жылдарының мерзіміне енеді. Дербес атағы заңсыз төмендетілген адамдарға материалдық зияны толық көлемде өтеледі.

126. Кеден органдарының лауазымды адамдары дербес атақтарынан мынадай тәртіппен:

1) кіші және аға басшы құрамның лауазымды адамдары соттың заңды күшіне енген үкімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті төрағасының шешімімен;

2) жоғары басшы құрамның лауазымды адамдар - заңдарға сәйкес айырылуы мүмкін.

127. Дербес атақтан заңсыз айырған жағдайда тергеу нәтижелері бойынша не

соттардың қаулыларына сәйкес бұрынғы атақты қалпына келтіру туралы шешімді дербес атақтан айыру туралы шешім қабылдаған лауазымды адамдар қабылдайды.

128. Дербес атақтан заңсыз айырылған уақыт қалпына келтірілген атақпен еңбек сіңірген жылдарының мерзіміне енеді.

129. Дербес атақтан заңсыз айырылған лауазымды адамдарға заңдарға сәйкес материалдық зиян өтеледі.

130. Кеден органдарындағы қызметтік тәртіп кеден органдары лауазымды адамдарының заңдарымен, осы Ережемен, Антпен, қызмет туралы контрактімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті төрағасының шешімдерімен, тікелей бастықтардың уағыздарымен және бұйрықтарымен белгіленген тәртіппен ережелерді сақтауын білдіреді.

131. Кеден органдарының лауазымды адамдары уақытша болса да қызмет бойынша бағынатын бастықтар тікелей бастықтар болып табылады.

132. Қарамағындағыға жақын тура бастық оның өзінің тікелей бастығы болып табылады.

133. Кеден органдарының қызмет жағынан тікелей бағынбайтын лауазымды адамдары кіші немесе аға лауазымды адамдар болуы мүмкін. Ағалық ету дербес атақпен, ал атақтары тең дәрежеде атқаратын лауазымдарына қарай айқындалады. Бұл ретте кеден органдарының қызмет жағынан тікелей бағынбайтын лауазымды адамдарының өзара қарым-қатынасының тәртібін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы белгілейді.

134. Бастықтың бұйрығы сөзсіз, дәл және белгіленген мерзімде орындалуға тиіс.

135. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде анық заңға қайшы келетін бұйрық немесе өкімді алған жағдайда лауазымды адам бұйрық немесе өкімді берген бастыққа осы жөнінде кешіктірмей хабарлауға, заңдарға сәйкес іс-қимыл жасауға, жазбаша түрде баяндалған бұйрық немесе өкім расталған кезде заңға қайшы келетін бұйрықтан немесе өкімнен басқаны орындауға тиіс. Бұл ретте заңсыз бұйрық немесе өкім үшін оны берген бастық толық жауапкершілікте болады.

136. Жұмыста немесе қызметтік істе заңдардың бұзылуын, қызмет бабын пайдалануды, кемшіліктер мен өзге де олқылықтарды анықтаған лауазымды адам бұл жөнінде жоғары тұрған бастыққа бұйрықпен рапорт арқылы хабарлайды.

137. Бастық қарамағындағылар арасындағы қызметтік тәртіптің жағдайына, осы Ереженің және лауазымды адамдардың қызмет өткеруі мәселелері жөніндегі басқа нормативтік актілердің талаптарының сөзсіз сақталуына жеке жауап береді.

138. Бастық қарамағындағыларға жоғары талап қоюмен қатар:

1) қарамағындағылардың еңбек етуіне, тынығуы мен біліктілігін

арттыру үшін қажетті жағдайлар, қызмет қауіпсіздігі шарттарын жасауға;

2) қарамағындағыларға қызметте өсуі үшін шынайы мүмкіндіктер беруге;

3) қарамағындағылардың бойында қызметтік міндеттерін орындауы үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге;

4) қарамағындағылардың қызметтік істерін бағалауда шынайылық пен жариялылықты қамтамасыз етуге;

5) қарамағындағылардың ар-ұжданын, қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) жеке құраммен жұмыста жебеушілікті, кеден органдары лауазымды адамдарының жеке басы мінезінің себептері бойынша немесе кеден органдары қызметіндегі кемшіліктерді сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге міндетті.

139. Кеден органдарының лауазымды адамдарына міндеттерін үлгілі орындағаны және қызметте жоғары нәтижелерге жеткені үшін төмендегідей көтермелеу шаралары қолданылады:

1) алғыс жариялау;

2) ақшалай сыйлық беру;

3) бағалы сыйлықпен марапаттау;

4) Құрмет кітабына жазу;

5) Құрмет грамотасымен марапаттау;

6) кеден органдарының өңірге тағатын белгісімен марапаттау;

7) бәсіре қарумен марапаттау;

8) кезекті дербес атақты мерзімінен бұрын беру;

9) дербес атақты атқаратын штаттық лауазымына қарай көзделген атақтан бір саты жоғарылатып беру;

10) құрметті атақ беруге ұсыну.

140. Көтермелеу ретінде бұрын қолданылған тәртіптік жазаны мерзімінен ерте алу қолданылуы мүмкін.

141. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің оқу орындарында осы бапта санамаланған көтермелеу түрлерінен басқа стипендия мөлшерін көбейту және оқу орны орналасқан жерден кезектен тыс сыртқа шығуына рұқсат беру қолданылады.

142. Қызметтік борышты орындау кезінде көрсеткен қайраткерлігі мен ерлігі және мемлекет алдындағы басқа да сіңірген еңбегі үшін кеден органдарының лауазымды адамдары заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталуға ұсынылуы мүмкін.

143. Кеден органдары лауазымды адамдарына жасаған тәртіптік теріс қылықтың ауырлығы мен кінәсінің дәрежесіне қарай тәртіптік жазалардың төмендегідей түрлері қолданылады:

- 1) ескертпе;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) қызметіне толық сай келмейтіні туралы ескерту;
- 5) лауазымын төмендету;
- 6) дербес атағын бір саты төмендету;
- 7) кеден органдарынан жұмыстан босату.

144. Кеден органдарының өңірге тағатын белгілерімен марапатталған кеден органдарының лауазымды адамдары өңірге тағатын белгіден айыру түріндегі тәртіптік жазаға тартылуы мүмкін.

145. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің оқу орындарында аталған жаза түрлерінен басқа қызмет бойынша нарядты кезектен тыс тағайындау түрінде (күзетке немесе бөлімше бойынша кезекшілікке қоюды қоспағанда), сондай-ақ оқу орнынан шығару қолданылады.

146. Көтермелеу мен тәртіптік жазаларды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы белгілейтін, оларға берілетін құқықтар шегінде бастықтар қолданады.

147. Лауазымы бойынша міндеттерін бастықтың уақытша орындап жүрген кезінде, егер бұл жөнінде бұйрықта хабарланған болса, онда уақытша атқаратын лауазымы бойынша тәртіптік құқықтарды пайдаланады.

148. Төменгі тұрған бастықтарға берілген тәртіптік құқықтар жоғары тұрған бастықтарға да беріледі.

149. Бастықтың пікірі бойынша кеден органының лауазымды адамына өзінің құқықтарының шегінен шығатын көтермелеу мен жазаларды қолдану қажет болса, онда ол бұл жөнінде жоғары тұрған бастыққа өтініш жасайды.

150. Жоғары тұрған бастықтың төменгі тұрған бастық қолданған тәртіптік жазаны алып тастауға, жеңілдетуге немесе бұрын жарияланған жаза жасалынған теріс қылықтың ауырлығына сай келмесе, одан да қатаңырақ жаза қолдануға құқығы бар.

151. Кеден органдарында анықтама жүргізетін лауазымды адамдарға тәртіптік жазаларды оларды лауазымға тағайындау құқығы берілген бастықтар қолданады, ал лауазымды адамдардың қызметіне қылмыстық іс жүргізумен байланысты жағдайларда тиісті бөлімшелердің басшыларының келісімі бойынша қ о л д а н ы л а д ы .

152. Көтермелеу мен тәртіптік жазаларды қолдану бойынша берілген құқықтарын асыра пайдаланған бастық тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

153. Көтермелеу мен тәртіптік жазалар бұйрықтарымен хабарланады.

ЕСКЕРТУ. 153-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.09.28. N 958
қаулысымен. Р 9 8 0 9 5 8 _

154. Жазаны ауызша алуға болмайды.

ЕСКЕРТУ. 154-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.09.28. N 958
қаулысымен. Р 9 8 0 9 5 8 _

155. Кеден органының лауазымды адамына көтермелеу мен тәртіптік жазалар туралы сап алдында немесе кеңесте (жиналыста) хабарланады.

156. Тәртіптік жаза қолданылғанға дейін кеден органының жауапкершілікке тартылатын лауазымды адамынан жазбаша түсінік талап етілуі тиіс, қажет болған жағдайда, тексеру нәтижелері бойынша қорытынды шығарылып, ондағы аталған мәліметтерге қызметтік тексеру жүргізіледі.

157. Тәртіптік жаза жасалынған қылмыс туралы бастыққа белгілі болған күннен бастап он тәулік өткенге дейін қолданылуы керек, ал кінәлі адамның ауырған немесе еңбек демалысында болған уақытын есептемей, қызметтік тексеруді жүргізу, қылмыстық істі немесе әкімшілік құқық бұзу туралы істі қозғау жағдайларында құзыретті орган немесе лауазымды адамның қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзу туралы істі тексеруі, қарауы және оларға қатысты тиісті ақтық шешім шығару аяқталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қ о л д а н ы л у ы т и і с .

158. Қызметтік тәртіпті бұзудың әр жағдайы үшін тек бір ғана тәртіптік жаза қ о л д а н ы л у ы м ү м к і н .

159. Тәртіптік жазаны қолдану туралы бұйрық оны қолданудың себептері көрсетіліп, кеден органының жазаға тартылған лауазымды адамына қолы қ о й ы л ы п х а б а р л а н а д ы .

160. Тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей орындалады. Осы мерзім өткенде жаза орындалынбайды, бірақ есепке алуға ж а т а д ы .

161. Кеден органының лауазымды адамына бұйрықпен қолданылған тәртіптік жаза ол қолданылған күннен бастап бір жыл ішінде бұл лауазымды адам жаңа тәртіптік жаза алмаса, алынып тасталынған болып есептелінеді.

162. Көтермелеу ретінде тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастауды осы жазаны қолданған, оған тең бастық немесе жоғары тұрған тікелей бастық жүргізеді.

163. Кеден органының лауазымы төмендетілген лауазымды адамын қызмет бойынша ауыстыру осы Ереженің 16-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

164. Дербес атақты төмендету ретінде тәртіптік жазаны қолданған жағдайда бұрынғы атақтың ол төмендетілгеннен кейінгі бір жылдан ерте емес, ал көтермелеу ретінде жазаға тартылған адам қызметін мінсіз атқарса, дербес атағы төмендетілген күннен бастап алты ай өткенде қалпына келтірілуі мүмкін.

165. Тәртіптік жаза:

- 1) лауазымды адамның ауырған кезінде;
- 2) лауазымды адамның еңбек демалысында немесе іссапарда жүрген кезеңінде;
- 3) егер теріс қылмыс анықталған күннен бастап алты айдан астам уақыт өтсе, тексеру немесе қаржы-шаруашылық қызметін тексеру нәтижелері бойынша - ол жасалған күннен бастап екі жылдан астам уақыт өткенде қолданылуы мүмкін. Бұл ретте аталған мерзімдерге адамның еңбек демалысында жүрген, ауырған уақыты, сондай-ақ қылмыстық іс немесе әкімшілік құқық бұзу туралы істі қозғау, тексеру немесе қаржы-шаруашылық қызметін тексерудің уақыты қосылмайды.

166. Кеден органдарының әрбір лауазымды адамы жоғары тұрған бастықтарға, тіпті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасына дейін өздеріне қолданылған тәртіптік жазаларға шағым жасауға құқылы. Бұл ретте қолданылған тәртіптік жазаға жасалған шағым кеден органдарында заңмен белгіленген тәртіп пен мерзімде қаралады.

167. Кеден органдарының лауазымды адамдарына еңбек демалыстарының төмендегідей түрлері беріледі:

- 1) кезекті;
- 2) қысқа мерзімді;
- 3) сырқаты бойынша;
- 4) оқу орнында оқып жүруіне байланысты;
- 5) қосымша (міндеттерін зиянды жағдайларда орындайтыны немесе қызметтің ерекше сипатына қарай);
- 6) әлеуметтік (ана болғандығына және бала күтуіне байланысты);
- 7) күнтізбелік, шығармашылық және оқу орнын бітіруіне байланысты.

168. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы демалыс орнына барып, қайтуға кеткен уақыты есепке алынбай, ұзақтығы 30 тәулікке беріледі.

169. Ұзақтығы 45 тәуліктік кезекті, еңбек демалыстары еңбек сіңірген жылдарына қарамастан кеден органдарының Үкімет белгілейтін биік таулы аймақтарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының климаттық жағдайы ауыр және қолайсыз басқа да жерлерінде қызмет өткеретін, құқық қорғау органдарында және Қарулы Күштерде 20 жылдан астам еңбек сіңірген лауазымды адамдарға беріледі.

170. Кеден органдарындағы қызмет стажы үшін лауазымды адамдарға қосымша ақылы еңбек демалысы:

- 1) 10 жыл қызметтен кейін - ұзақтығы 5 тәулік;
- 2) 15 жыл қызметтен кейін - ұзақтығы 10 тәулік;
- 3) 20 жыл қызметтен кейін - ұзақтығы 15 тәулік беріледі.

Кеден органдарындағы қызмет стажын есептеу кезінде кеден органдары лауазымды адамдарына қосымша ақылы еңбек демалыстарын беру үшін аталған стажға құқық қорғау органдарында, Республика Қарулы Күштерінде және мемлекеттік органдарда еңбек сіңірген жылдары енгізіледі.

171. Зиянды жағдайлардағы қызметі үшін жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысының ұзақтығы заңдарға сәйкес белгіленеді.

172. Қызметтің ерекше сипатындағы ұзақтығы 10 тәулікке дейінгі қосымша ақылы еңбек демалысы кеден органдарының қызметі дене және жүйкеге түсетін ауыр жүктемеге байланысты лауазымды адамдардың кәсіби жұмысқа деген қабілетін қалпына келтіру үшін беріледі.

173. Кеден органдарының жалпы ұзақтығы 40 және одан да көп тәуліктік кезекті және қосымша ақылы еңбек демалысына құқығы бар лауазымды адамдарына еңбек демалысын олардың қалауы бойынша екі мерзімде пайдалануға рұқсат етіледі.

174. Кеден органдарының еңбек демалысын пайдаланбаған лауазымды адамдарын жұмыстан шығаруды қоспағанда еңбек демалысын ақшалай өтемақымен алмастыруға жол берілмейді. Мұндай жағдайда ақшалай өтемақы сол жылы, бірақ 45 тәуліктен аспайтын қызмет өткерген мерзімге сайма-сай келемде төленеді.

175. Лауазымды адамдардың кеден органдарына қызметке кірген жылында кезекті жыл сайынғы еңбек демалысының ұзақтығы жұмыс істеген уақытына сайма-сай кірген күннен бастап қызметтің әр толық айы үшін демалыстың он екіден бір бөлігі есебінде есептеледі. Бұл ретте кеден органдарының ұзақтығы 10 және одан көп тәулікке құқығы бар лауазымды адамдарына еңбек демалысынан тыс жол жүруге уақыт беріледі. Ұзақтығы 10 тәуліктен аз еңбек демалысы

лауазымды адамның тілегі бойынша оған кезекті жыл сайынғы еңбек демалысымен бірге келесі жылы бір мезгілде берілуі мүмкін.

176. Кеден органдарының лауазымды адамдарына:

1) биік таулы аймақтарда, климаттық жағдайы ауыр және қолайсыз жерлерде қызмет өткеретін лауазымды адамдарға олардың қалауы бойынша екі жолдағы кезекті жыл сайынғы еңбек демалысы біріктірілуі мүмкін. Аталған лауазымды адамдарды басқа жерлерге ауыстырған жағдайда пайдаланылмаған біріктірілген еңбек демалысы жаңа қызмет орны бойынша беріледі. Қызметтік қажеттілік кезінде жаңа қызмет орны бойынша біріктірілген еңбек демалысы екі мерзімде берілуі мүмкін;

2) ұзақтығы 40 және одан көп тәуліктік еңбек демалысына құқығы бар лауазымды адамдарға олардың қалауы бойынша кезекті еңбек демалысын екі бөліп алуға рұқсат етіледі. Бұл ретте еңбек демалысының бір бөлігі кемінде 30 тәулік болуы тиіс, ал жол жүруге уақыт тек еңбек демалысының бір бөлігіне ғана беріледі;

3) жасына, денсаулық жағдайына немесе штаттардың қысқаруына байланысты кеден органдарынан жұмыстан босатылғандарға сол жылы олардың қалауы бойынша кезекті еңбек демалысы 10 тәулік мерзімге беріледі немесе Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы белгілеген мөлшерде және тәртіппен тиісті ақшалай өтемақы төленеді;

4) кезекті еңбек демалысы кезінде ауырып қалғандарға еңбек демалысы емделіп жүрген тәуліктерінің санына қарай ұзартылады;

5) штаттық лауазымдарды атқарып, резервте жүргенде кезекті еңбек демалысын берген кезде демалыстың уақыты резервте жүрген кезеңнің жалпы ұзақтығынан алынып тасталынады;

6) басқа мемлекеттік органдардың жоғары немесе орта арнаулы оқу орындарын бітірген соң тікелей қызметке қабылданғандарға кезекті еңбек демалысы ұзақтығы 30 тәулік болып беріледі;

7) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің оқу орындарына жіберілетіндерге кезекті еңбек демалысы сол оқу орындарына кеткенге дейін беріледі.

177. Кеден органдарының әрбір лауазымды адамына кезекті жыл сайынғы еңбек демалысы кезекті жыл сайынғы еңбек демалыстарының кестесіне сәйкес күнтізбелік жыл ішінде берілуі тиіс.

178. Лауазымды адамдарды кезекті еңбек демалыстарынан жеткілікті дәлелдерсіз кері шақыруға тыйым салынады. Қызметке өте қажет болған жағдайда тікелей бастықтың - кеден басқармасы және кеден бастығы не одан жоғары бастықтың жазбаша өкімі немесе бұйрығы негізінде кезекті еңбек демалысынан осы лауазымды адамдарды кері шақыруға жол беріледі. Бұл ретте

еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігі, әдеттегідей, үстіміздегі жылы немесе келесі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірілмей беріледі. Егер еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігі 10 және одан да көп тәулік болса, еңбек демалысынан тыс жол жүруге уақыт беріледі. Лауазымды адамның қалауы бойынша кезекті еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігі келесі жылға кезекті еңбек демалысына қосылуы мүмкін.

179. Кезек күттірмес әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу, туыстық борышты орындау үшін, сондай-ақ басқа дәлелді себептермен кеден органдарының лауазымды адамдарына демалатын жеріне барып қайтуға қажетті уақытты санамай, жыл ішінде ұзақтығы 10 тәулікке дейін қысқа мерзімді ақылы еңбек демалысы берілуі мүмкін.

180. Қысқа мерзімді еңбек демалысы кезекті жыл сайынғы еңбек демалысына е с е п т е л і н б е й д і .

181. Сырқаттануға байланысты еңбек демалысы кеден органдарының лауазымды адамдарына әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде б е р і л е д і .

182. Сырқаттануға байланысты еңбек демалысының ұзақтығы сырқаттың сипатына қарай айқындалады. Сырқаттануға байланысты еңбек демалысында және емдеу мекемелерінде емдеуде үздіксіз болу уақыты заңдармен емделуде болудың ұзағырақ мерзімдері қарастырылған жағдайларды қоспағанда жалпы алғанда төрт айдан аспауы тиіс. Бұл мерзім тікелей бастықтың - облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, Республика астанасы кеден басқармасы және кеден бастығы, оған тең және одан жоғары бастықтың шешімімен емдеу мекемесінің қорытындысы негізінде ұзартылуы мүмкін. Сырқаттануға байланысты еңбек демалысында және емдеу мекемелерінде емдеуде үздіксіз болудың белгіленген мерзімі өткенде кеден органдарының лауазымды адамдары одан арғы қызметке жарамдылығы туралы мәселені шешу үшін әскери-дәрігерлік комиссияның куәландыруына жатады.

183. Кеден органдары лауазымды адамдарының қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың алған жарақатына, жарым-жандылығына немесе зақымына байланысты емдеуде болу уақыты шектелінбейді. Аталған лауазымды адамдар дәрігерлік куәландыруға емдеу аяқталған соң немесе сырқат анықталған к е з д е ж і б е р і л е д і .

184. Сырқаттануға байланысты еңбек демалысы кезекті жыл сайынғы еңбек демалысының е с е б і н е ж а т п а й д ы .

185. Лауазымды адамдарды кеден органдарындағы қызметтен босатқан кезде сырқаттануға байланысты еңбек демалысы берілмейді.

186. Әлеуметтік еңбек демалыстары (бала тууға, оны күтуге байланысты) кеден органдарының лауазымды адамдарына заңдарға сәйкес беріледі. Бұл ретте

әлеуметтік еңбек демалыстарының ұзақтығы, оны беру мен төлеу шарттары заңдарымен белгіленеді.

187. Әлеуметтік еңбек демалыстары кезекті еңбек демалысынан тыс беріледі.

188. Кеден органдарының лауазымды адамдарына:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің оқу орындарында оқытудың күндізгі нысанында оқып жүргендерге демалыстық еңбек демалыстары - қыста (ұзақтығы 14 тәулікке), жазда (ұзақтығы 30 тәулікке) беріледі;

2) негіздемелер бойынша және заңдармен белгіленген мерзімге шығармашылық еңбек демалыстары беріледі.

189. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің оқу орындарын бітіргендерге ұзақтығы 30 тәулікке еңбек демалысы беріледі. Осы еңбек демалысы, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдардың жоғары және орта арнаулы оқу орындарының бітірушілеріне осы оқу орындарын бітіргеннен кейін бірден кеден органдарына қызметке қабылданғанда берілетін еңбек демалысы үстіміздегі жылы кезекті жыл сайынғы еңбек демалысы есебіне есептеледі.

190. Оқу орнын бітіруге байланысты еңбек демалысын тиісті қызметті өткеретін жеріне жібергенге дейін пайдалануға тиіс.

191. Қосымша еңбек демалыстары:

1) кеден органдарының лауазымды адамдарына кезекті жыл сайынғы еңбек демалысынан тыс беріледі;

2) кеден органы лауазымды адамының қалауы бойынша кезекті жыл сайынғы еңбек демалысына қосылып және бір мезгілде немесе жеке берілуі мүмкін. Бұл ретте қосымша және кезекті еңбек демалыстарының жалпы үздіксіз ұзақтығы 55 тәуліктен аспауға тиіс.

192. Кеден органдарының міндеттерін зиянды жағдайларда орындайтыны және қызметінің ерекше сипаты үшін қосымша еңбек демалыстарына құқығы бар лауазымды адамдарға осы еңбек демалысы заңдарда көзделген жағдайлардан басқа негіздемелердің бірі бойынша ғана олардың таңдауымен беріледі.

193. Кеден органдары лауазымды адамдарының ақшалай төлемі:

1) штаттағы атқаратын лауазымы жалақыдан;

2) берілген дербес атақ үшін қосымша төлемнен;

3) төмендегі проценттік үстеме; заңдармен көзделген мемлекеттік қызметтің, сондай-ақ әскери қызметтің басқа түрлері ескеріліп есептелінетін еңбек сіңірген жылдары;

4) Үкімет белгілеген басқа да ақшалай төлемдерден тұрады.

194. Кеден органдарының еңбек сіңірген жылдары бойынша жұмыстан босатуға құқығы бар лауазымды адамдарына кеден органдары лауазымды адамдары ретінде олар еңбек қызметін жалғастырған жағдайда 50-процент

көлемінде зейнетақы төленеді.

195. Ұзақтығы белгіленгеннен тыс жұмыс істегені үшін және демалыс және мереке күндері жұмыс істегені үшін еңбекке ақы төлеу заңдарға сәйкес жүргізіледі.

196. Кеден органдарының Үкімет белгілеген тәртіппен қызметтік тұрғын үй қоры болуы мүмкін.

197. Кеден органы лауазымды адамының қызметтік жұмыстарын жүзеге асыруға байланысты қаза табуы жағдайында оның отбасының кеден органы лауазымды адамының қаза тапқан күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей есепке алынған кездегі негіздерде тұрғын үй алаңын алуға құқығы сақталады.

198. Кеден органдарының лауазымды адамдарына пәтерлік телефондар техникалық мүмкіндіктер бар болса, өтініш берілген күннен бастап үш айда орнатылады.

199. Кеден органдарының лауазымды адамдары қызметтік іс-сапарларға жол жүрген және болған кездерінде қызметтік мақсатта "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығымен белгіленген құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.

200. Кеден органдарының лауазымды адамдары және олармен бірге тұратын олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ кеден органдарының зейнеткерлері Үкімет белгілеген тәртіппен тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық және санаториялық-курорттық қызметті пайдаланады.

201. Кеден органдарының лауазымды адамдары республикалық бюджет есебінен мемлекеттік міндетті жеке сақтандыруға жатады. Сақтандыру сомалары "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес төленеді.

202. Кеден органы лауазымды адамының қаза тапқан (қайтыс болған), зақым алған немесе денсаулығына өзгедей зиян келген жағдайда жәрдемақы төлеу және материалдық залалдың орнын толтыру "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы және Үкімет белгілеген шекте және тәртіппен республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүргізіледі.

203. Кеден органдары лауазымды адамдарын әлеуметтік қорғаудың қосымша шаралары Үкімет бекітетін Кеден қызметін әлеуметтік дамыту мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету қоры туралы ережемен белгілеген тәртіппен және шарттарда Кеден органдарын әлеуметтік дамыту мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

204. Кеден органдарындағы қызметті доғарудың негіздері:

- 1) кеден органдарынан жұмыстан босату;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалту;
- 3) кеден органы лауазымды адамының заңдарымен белгіленген тәртіппен іс-түссіз жоғалды деп тану;
- 4) кеден органы лауазымды адамының қаза табуы (қайтыс болуы);
- 5) заңдармен және осы Ережемен көзделген өзге де негіздер болып табылады.

205. Егер жұмыстан босатылатындар Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңымен белгіленген шектік жасқа жетпесе, дербес атақтары бар және денсаулығы бойынша әскери қызметке жарамды адамдарды запаста тұруы үшін запасқа:

- 1) зейнеткерлікке құқық беретін еңбек сіңірген жылдары (қызмет мерзімі) бойынша ;
- 2) қызметте болудың шектік жасына жеткендігі бойынша;
- 3) денсаулық жағдайына байланысты - әскери-дәрігерлік комиссиясының қорытындысы бойынша ;
- 4) басқа лауазымды пайдалануға мүмкін болмайтын жағдайда

штаттардың қысқаруына немесе кеден органдарының қайта ұйымдастырылуына байланысты;

- 5) егер лауазымды адам қызметті жалғастыруға тілек білдірмесе, контрактіде көзделген қызмет мерзімінің өтуіне байланысты;
- 6) өз қалауы бойынша;
- 7) басқа мемлекеттік органдарға, ұйымдарға жұмысқа ауысуына байланысты;
- 8) сынақ мерзімі кезінде қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда;
- 9) аттестациялау тәртібіндегі қызметке сәйкес келмейтіндігі бойынша;
- 10) қызметтік тәртіпті жүйелі немесе бір рет дөрекі бұзғаны үшін;
- 11) кеден органдары лауазымды адамдарының атағына нұқсан келтіретін теріс қылық жасағаны үшін;
- 12) соттың кінәлау өкімінің заңды күшіне енуіне байланысты босатылады.

206. Егер жұмыстан босатылатындар "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген шектік

жасқа жетсе, дербес атақтары бар немесе әскери-дәрігерлік комиссия денсаулығы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп тапса (әскери есептен шығарылып), запаста тұруы үшін отставкаға баруға:

1) жасына байланысты - "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңмен белгіленген шектік жасқа жетсе, дербес атақтары бар адамдарды запаста тұруы үшін;

2) денсаулығы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке жарамсыз деген қорытындысының негізінде әскери есептен шығарылып, жұмыстан босатылады.

207. Кеден органдарының лауазымды адамдары:

1) өз қалауымен қызметтен босауға тілек білдіргендер кеден органының тікелей бастығына өздерінің қабылдаған шешімдері жөнінде жоспарланып отырған босау күніне дейін екі ай бұрын ескертеді, ол туралы оған рапорт береді;

2) контрактінің шартын бұзғаны үшін босатылатындарды қоспағанда, басқа негіздер бойынша қызметтен босатылатындар осы Ереженің талаптарына сәйкес алдағы босау туралы босағанға дейін екі ай бұрын хабардар етеді.

208. Кеден органдарының аға және жоғарғы басшы құрамның дербес атақтары бар лауазымды адамдары 205-тармақтың 1, 2, 3, 4-тармақшаларында, 206-тармақтың 1, 2-тармақшаларында көзделген негіздер бойынша зейнеткерлікке шығатын кезде нысанды киім киіп жүруге рұқсат етіледі.

209. Кеден органдарының тиісті еңбек сіңірген жылдары бар кіші, аға және жоғары басшы құрамының адамдары осы органдарда мынадай шектік жастарға дейін қызметте тұрады:

1) кеден қызметінің III дәрежелі инспекторы, кеден қызметінің II дәрежелі инспекторы, кеден қызметінің I дәрежелі инспекторы, кеден қызметінің III дәрежелі кеңесшісі, кеден қызметінің II дәрежелі кеңесшісі - 45 жасқа дейін;

2) кеден қызметінің I дәрежелі кеңесшісі - 50 жасқа дейін;

3) кеден қызметінің III дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі, кеден қызметінің II дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі, кеден қызметінің I дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі - 55 жасқа дейін;

4) кеден қызметінің толық мемлекеттік кеңесшісі - 60 жасқа дейін.

210. 209 және 214-тармақта көзделген шектік жастарға жеткенде кеден органдарының лауазымды адамдары запасқа шығарылуға (әскери есепке қойылып) немесе отставкаға баруға жатады.

211. Қызмет мүддесі үшін осы адамдардың кейбіреулерін өздерінің келісімі бойынша оңды аттестациямен денсаулығы, қызметке қатынасы ескеріліп, тиісті лауазымдарға тағайындау құқығы берілген бастықтар оларды кеден органдарында бес жылға дейінгі мерзімге белгіленген шектік жастан асыра

қызметте дербес тәртіппен қалдыра алады. Бұл ретте оларға тағайындалуы мүмкін зейнетақының 50 процентін төлеу белгіленеді.

212. Ерекше жағдайларда кеден органдарының аға және жоғары басшы құрамның қатарынан лауазымды адамдарды қызметте қалдыру мерзімі осындай тәртіппен бес жылға дейін, ал ғылыми дәрежесі немесе атағы бар кейбіреулеріне он жылға дейін бірақ 65 жастан асырылмай ұзартылуы мүмкін.

213. Мерзімді ұзарту мәселесін шешу кезінде аталған адамдарды олардың қызметке жарамдылығын анықтау үшін медициналық комиссияға жіберу міндетті шарт болып табылады.

214. Қызметтегі жағдайының мерзімін ұзарту туралы шешім кеден органының лауазымды адамын осы Ережемен көзделген негіздер бойынша жұмыстан босату мүмкіндігін жоққа шығара алмайды.

215. Кеден органдарының қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарында тұрған лауазымды адамдарын жұмыстан босатуды тікелей бастықтар өз құзыреті шегінде жүргізеді.

216. Кеден органдарының аға және жоғары басшы құрамның лауазымдарында тұрған лауазымды адамдарын жұмыстан босатуды:

1) бөлім бастықтарына дейін қосып алғанда - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы, облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, Республика астанасының кеден басқармаларының бастықтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы осындай құқық берген бастықтар;

2) кеден басқармалары мен кедендер бастықтарына дейін қосып алғанда және кеден органдарының жоғары басшы құрамның қатарынан лауазымды адамдарды - егер заңдармен өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы жүргізеді.

217. Кеден органдарының лауазымды адамдарына өздерінің бастықтары кеден органдарының контракт, шарттарын бұзғаны үшін, сондай-ақ осы Ереженің 205-тармағының 7, 9, 10, 11, 12-тармақшаларына сәйкес босатылатын лауазымды адамдарын қоспағанда босатуға екі айдан кешіктірмей хабардар етеді.

218. Кеден органдарының қаза тапқан, қайтыс болған, заңдармен белгіленген тәртіппен із-түзсіз жоғалды деп танылған, сондай-ақ дербес атақтан айырылғандар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің Төрағасы белгілейтін тәртіппен кеден органдары кадрларынан шығарылады.

219. Кеден органдарының лауазымды адамдарын зейнетақымен қамтамасыз ету ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарын зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңдарға сәйкес белгіленеді.

220. Кеден органдарының белгіленген тәртіппен заңсыз, негізсіз қызметінен

ауыстырылған, атқаратын лауазымынан шеттетілген немесе лауазымы төмендетілген, дербес атақтан айырылған не болмаса дербес атағы төмендетілген, сондай-ақ кеден органдарынан заңсыз босатылған лауазымды адамдардың кеден органдарындағы тиісінше лауазымы, дербес атағы және қызметі қалпына келтіруге немесе соған тең лауазымдарға қоюға жатады.

221. Кеден органдарында қызметті (лауазымды, дербес атақты) қалпына келтірудің негіздері:

1) босату, лауазымын төмендету немесе дербес атақтан айыру туралы шешімді қабылдаған бастықтардың жасаған қызметтік тексеру нәтижелері бойынша қорытындысы;

2) соттың ақталған өкімінің заңды күшіне енуі;

3) кеден органының заңдармен белгіленген тәртіппен ақталған лауазымды адамының тиісті өтініші.

222. Кеден органдарында қызметті (лауазымды, дербес атақты) қалпына келтіру, егер адамның өтініші босатудың, лауазымын, дербес атақты төмендетудің заңсыздығы туралы шешім қабылдаған күннен бастап соның артынша үш ай ішінде берілсе, өтініш жасалған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей жүргізіледі.

223. Заңсыз босату, лауазымын, дербес атақты төмендетуге байланысты жұмыстан бос жүруге мәжбүр болу уақыты кеден органдарындағы қызметтің стажына (күнтізбелік есептеу бойынша) және дербес атақпен еңбек сіңірген жылдарына қосылады.

224. Заңсыз босатылған, кейін кеден органдарында қызметі қалпына келтірілген лауазымды адамдарға кезекті дербес атақты беру, проценттік үстемені төлеу мен зейнетақыны тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу кезінде ескерілетін қызметтің үздіксіз стажына олардың босатылған күнінен бастап қызметті қалпына келтіру туралы бұйрыққа қол қойылған күнге дейінгі уақыт қосылады.

225. Кеден органдарының соттың өкімінің заңды күшіне енуіне байланысты, одан кейін заңдармен белгіленген тәртіппен ақталған лауазымды адамдарына келтірілген зиянның орнын толтыру заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

226. Кеден органдарының заңсыз немесе негізсіз қызметінен ауыстырылған, лауазымы немесе дербес атағы төмендетілген кеден органдарынан босатылған лауазымды адамдарына лауазымы, дербес атағы не кеден органдарындағы қызметті қалпына келтіргенге дейінгі кезең үшін, бірақ бір жылдан асырылмай, олардың босатылған лауазымы және бұрын алған дербес атағы бойынша ақшалай төлем төленеді, босату кезінде және қызметі қалпына келтіргенге дейін ұйымдарда жұмыс істеген, кәсіпкерлік қызметпен айналысқан лауазымды адамдарға кеден органдарындағы соңғы лауазымы бойынша алатын және

қызметтегі амалсыз үзіліс кезіндегі нақты жалақының арасындағы ақшалай төлемнің айырмасы өтеледі.

227. Кеден органдарының заңды бұза отырып, қызметінен ауыстыру, лауазымын, дербес атақты төмендету, кеден органдарынан босату туралы шешім қабылдаған немесе кеден органдарында лауазымды, дербес атақты және қызметті қалпына келтіру туралы шешімнің орындалуын кідірткен лауазымды адам тәртіптік жауапкершілікке тартылады және заңсыз, негізсіз қызметінен ауыстыру, лауазымы мен дербес атағын төмендету, кеден органдарынан босату себебімен лауазымды адамдарға жүргізілген төлемдерге байланысты кеден органдарына келтірілген зиянның орны еңбек туралы заңдармен белгіленген мөлшерде орны толтырылады.

228. Мемлекеттік тергеу комитеті, ішкі істер, прокуратура, салық полициясы органдарының кеден органдарына қызметке ауысқан қызметкерлері мен әскери қызметшілеріне, мемлекеттік қызметшілерге оларды қатардағы және басшы құрамның тиісті лауазымдарына тағайындаған соң, олардың бұрынғы әскери және арнайы атақтары, сыныптық шендері мен біліктілік сыныптары кеден органдары лауазымды адамдарының дербес атақтарына теңестіріледі.

229. Дербес атақтарымен еңбек сіңірген жылдары запастағы жағдайының мерзімдерін қоспағанда әскери және арнайы атақтарымен, сыныптық шендерімен еңбек сіңірген жылдарын ескере отырып, оларды берген күннен бастап есептеледі.

230. Осы - бапта аталған қызметкерлерге кеден органдарындағы еңбек сіңірген жылдары әскери қызметпен немесе еңбектегі қызметпен байланысты үзілістерге қарамастан әскери және арнайы атақтарды, сыныптық шендерді беруді көздейтін лауазымдардағы жұмыстарының уақыты ескеріліп есептеледі.

231. Кеден органдары лауазымды адамдарының соғыс уақытысында және төтенше жағдай енгізілген жерлерде қызмет өткерудің ерекшеліктерін Үкімет белгілейді.

232. Кеден органдарының қаза тапқан немесе қайтыс болған

лауазымды адамын және зейнеткерін жерлеу үшін олардың үш айлық ақшалай төлемінің мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы төленеді. Бұл ретте жерлеуді ұйымдастыру тиісті кеден органдарының бастықтарына жүктеледі.

233. Кеден органдарының лауазымды адамдарын жерлеу кезіндегі құрмет көрсету жөніндегі тәртіпті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы белгілейді.

234. Кеден органдарында қызмет өткерудің тәртібіне және шарттарының сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас

прокуроры және оған байланысты прокурорлар жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 16 қыркүйектегі
N 1119 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының кеден органдары
лауазымды адамдарының
АНТЫ

Мен, _____
(аты-жөні)

Қазақстан Республикасының азаматы, кеден органдарына қызметке кіре отырып, Қазақстан Республикасының экономикалық мүддесін, егемендігі мен қауіпсіздігін қорғау ісіндегі өз жауапкершілігімді ұғына отырып:

Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіне адал болуға;
өз қызметімде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен

зандарының, осы Анттың талаптарын мүлтіксіз сақтауға;

өкімет өкілі ретінде қызметтік міндеттерімді орындаған кезде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттің мүддесін сақтауға;

өзіме жүктелген міндеттерді адал орындауға, кеден органдарының қызметкері деген жоғары атақты қадір тұтуға, мемлекеттік құпиялар мен қызметтік құпияны сақтауға ант етемін;

егер өзім қабылдаған антты бұзсам, мен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікте болуға әзірмін.

19 __ жылғы " __ " _____
(жеке қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК